




№9 (1396)
25 наурыз
2011 жыл

Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

КАЗАХ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ОРТАҚ МҮДДЕСІ

Сайлау – демократиялық шара арқылы өткізілетін қандай да бір лауазымды орынға сайлау немесе қайта сайлау. Қазақстан Республикасы азаматтарының әрқайсысы сайлануға немесе сайлауға құқылы. Сайлауға қатысу – әрбір адамның жеке құқығы. Азаматты сайлануға немесе сайлауға қатысуға мәжбүрлеуге, я болмаса қатыстырмауға, сонымен қатар еркін білдіруіне қысым жасауға ешкімнің құқығы жоқ. Қазақстан Республикасының кәметтік жасқа толған азаматтың жасына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне, әлеуметтік жағдайына, шығу тегіне, атқаратын лауазымына, көзқарасына, тұрғылықты жеріне және басқа да жағдайларға қарамастан сайлауға қатысу құқығы – бұл бәріне ортақ белсенді құқық. Бұл ережелер «Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» заңында көрсетілген. Аталған қағидалар 2011 жылғы 3 сәуір – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында басты назарда ұсталынбақ.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС
САЙЛАУЫ
ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ
ВЫБОРЫ
ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН



3 сәуір
апреля
2011

Ел қалаған тандау!
Главный выбор страны!

31 қаңтар күні мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 14 қаңтарда Парламент қабылдаған, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының президенттік өкілеттігін референдум арқылы ұзарту мүмкіндігін қарастырған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерту мен толықтыру енгізу туралы Заңды Конституцияға сәйкес емес деп таныған қаулысына байланысты Қазақстан халқына Үндеу арнағаны белгілі. Президент Үндеуінде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2020 жылдың 6 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі референдумды өткізбеу туралы шешім қабылдағанын,

Қазақстанда мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы Парламентке ұсыныс енгізетінін айтты. Нәтижесінде 2011 жылдың 3 ақпанында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу мүмкіндігін белгілейтін конституциялық Заңға қол қойды. «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңында «кезектен тыс Президенттік сайлау ҚР Президентінің шешімімен тағайындалады және ол тағайындалғаннан кейін 2 ай мерзімде өткізіледі» деп жазылған.

(Жалғасы 2-бетте)

Ш.Е.ДЖАМАНБАЛАЕВА,
проректор по языкам и воспитательной
работе КазНУ им. аль-Фараби

Социальная модернизация
КазНУ им. аль-Фараби в свете
Послания Президента
Республики Казахстан Н.А.Назарбаева
народу Казахстана «Построим
будущее вместе!»

Президент нашей страны в своем Послании народу Казахстана «Построим будущее вместе!» впервые столь масштабно поднимает вопрос о социальной модернизации страны.

Одним из приоритетных направлений новой социальной политики Казахстана выступает модернизация образования. Глава государства ставит принципиально новые задачи в сфере развития высшей школы. К 2020 году доля вузов, прошедших независимую аккредитацию по международным стандартам составит 30 %. До 5% увеличится доля вузов, осуществляющих инновационную деятельность и внедряющих результаты научных исследований в производство. Не менее 2-х вузов должны быть отмечены в рейтинге лучших мировых университетов. Как отметил Президент, «качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана».

Отмечу, что впервые в истории казахстанского образования предметом обсуждения становятся не внутрисистемные вопросы. На первый план выносятся социально-ориентированные технологии модернизации общества средствами образования.

Университет – это центр производства инновационного мышления, духовных исканий, хранитель культурных ценностей. Он способен инициировать в обществе сложнейшие глубинные процессы, воздействовать на ментальность социальных групп, ответственных за принятие масштабных государственных решений. Наконец, он приводит в движение средства культуры и науки внутренние ресурсы образовательного пространства, все общественные силы, заинтересованные в его развитии.

(Продолжение на 3 стр.)

РЕЗУЛЬТАТ

«МЫ ПАТРИОТЫ СВОЕЙ СТРАНЫ!»

«Духовно-нравственное воспитание и ценностные ориентации студенческой молодежи» так назывался социологический опрос, который был проведен в феврале текущего года Центром социологического исследования и социального инжиниринга КазНУ им. аль-Фараби.

В исследовании приняли участие студенты 13 факультетов университета. Каково мнение студенческой молодежи о патриотизме?

На вопрос «Что значит быть патриотом сегодня?», 40,7% молодых людей ответили - это означает «любить Родину», вариант ответа «уважать законы, традиции, старшее поколение» был отмечен - 23,4% респондентами. 10,8% юношей и девушек выбрали вариант - «любить родной дом, город, семью, окружающих людей».

(Продолжение на 11 стр.)

ИННОВАЦИЯ

Корпоративная культура университета

Сейчас перед университетами республики, в том числе и перед Казахским национальным университетом имени аль-Фараби стоит огромная задача – трансформация из классического университета в исследовательский университет. Но встает резонный вопрос – ради чего они создаются? Если для развития фундаментальных исследований, то у нас это было неплохо устроено, достаточно продолжить эту линию. По всей видимости, не в том только дело.

Для начала небольшое отступление – когда Фарадей открыл единство магнитных и электрических явлений, кто мог тогда

предсказать реальный эффект от этого фундаментального исследования для человечества? Однако те страны, которые увидели

в этом, казалось бы, отвлеченно-научном изыскании реальные технологические перспективы, стали лидерами в социально-экономическом развитии того времени. Сейчас даже трудно себе представить, как выглядело бы современное общество без электричества.

Этот пример показывает, что важны не столько сами по себе проводимые учеными из уни-

верситетского сообщества фундаментальные исследования, сколько инновативная чувствительность – готовность общества воспринять научные новшества и превратить их в технологии, повышающие качество жизни и приводящие к прорыву в социально-экономическом развитии.

(Продолжение на 10 стр.)

БАСТАМА

Қабілеттілікке жетелейтін құжат жобалары талқыланды

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың гуманитаризациялау жөніндегі кеңесінің отырысы өтті. ҚазҰУ ректоры және университеттегі гуманитарлық кеңес мүшелері қатысқан бұл отырыстың күн тәртібінде ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениет кодексі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің корпоративтік этика кодексі және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ОПК туралы Ереже сияқты құжаттардың жобасы талқыланды.

Ұжымдық мәдениет пен гуманитаризацияны дамытып, жетілдіруде маңыздылыққа ие құжаттардың жобасын ұсынған кеңес мүшелеріне ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Бұл Ұлттық зерттеу

университетіне айналу жолында жасалынып жатқан бірегей жоба. Бұл құжаттар озық дәстүрлер мен инновациялық жанару үрдістерін қамтуы керек», – дей келе, жасалынып жатқан құжаттардың бірізділігі

мен мазмұндылығына жете мән беруді айтты. Өз кезегінде бәсекеге қабілетті маман даярлауға ұйытқы болатын құжаттар жасауды біріге атқаруға шақырды. Бұл өз кезегінде көшбасшы университет талаптары мен міндеттерін анықтап, адам капиталын дамытуға үлес қоспақ.

Отырыс барысында кеңес мүшелері ұсынылған жобалармен мұхият танысып, олардың арасында қажет

ететін тұстарын тағы бір кезек пысықтап, жетілдіруді ұсынды. Отырыста білімді гуманитаризациялауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының модульдері бойынша жасалынып жатқан жұмыстар да талқыланды.

Кеңес мүшелері мен арнайы комиссия болып қарастырылған құжаттар жобасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

(Жалғасы 4-8-беттерде)

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ОРТАҚ МҮДДЕСІ

(Басы 1-бетте)

Президенттің кезектен тыс сайлауы осы Конституциялық заңда Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды. Осыған байланысты, 2011 жылғы 3 сәуір – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы болып белгіленді.

Бүгінде қоғамда сайлауға қатысты сайлауалды іс-шаралар қарқынды жүргізілуде. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде құқығын жүзеге асырып, өзінің азаматтық міндетін атқаруда әр азамат сайлауға барып, өзі тандаған үміткерге дауыс береді. Қазақстанның он сегіз жасқа толған азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдайларына қарамастан, сайлауда дауыс беруге құқығы бар. Оған мемлекет барлық жағдайды жасауға міндетті. Осы орайда, жоғарыдағы талаптардың үдесінен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің де шығып отырғандығын айта кетуге болады. Өйткені, қара шаңырақта бір емес екі сайлау учаскесі бар. Бұл 3 сәуірде ғылым мен білім қалашығының қым-қуыт қарбаласта болатындығын айғақтаса керек.

ҚазҰУ-да №186 және №187 сайлау учаскелері жұмыс атқарады. Сайлау учаскелері дауыс берушілерді сайлау ережелерімен таныстырып, ақпараттандырып, тынғылықты жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, сайлау учаскелерінде ҚазҰУ-да тіркелген, дауыс беруге құқылы азаматтар нақтыланған. №186 сайлау учаскесі ҚазҰУ қалашығындағы №6 оқу ғимараты биология факультетінің 1-қабатының холлында орналасса, №187 сайлау учаскесі осы ғимараттың №214 аудиториясында орын тепкен.

Осы орайда №186 сайлау учаскесінің төрағасы, журналистика факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Есберген Алауханов: «Факультет деканатымен тіркелген студенттер тізімі пысықталынды. Сонымен бірге тізімді анықтау мақсатында

жатақхана меңгерушілерімен және факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен тығыз іс-шаралар жүргізілуде. №186 сайлау учаскесі халықаралық қатынастар факультетінің №1 жатақханасын, география факультетінің №4 жатақханасын, журналистика факультетінің №5 жатақханасын, шетел азаматтарының №6 жатақханасын, биология факультетінің №7 жатақханасын, тарих және шығыстану факультеттерінің №8 жатақханасын, философия және саясаттану факультетінің №9 жатақханасын, дайындық факультетінің №10 жатақханасын қамтиды. Бостандық ауданы әкімшілігінің берген соңғы және нақты сайлаушылар тізімі 3180 адам», - десе, №187 сайлау учаскесінің төрағасы, ҚазҰУ қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейтжанов: «Қазіргі кезде сайлаушылар үшін хабарландырулар дайындалып, шақыру қағаздары толтырылып, таратылуда. Бостандық ауданы әкімшілігінен берілген мәлімет бойынша сайлау учаскесінде 3024 адам, оның ішінде ҚазҰУ-дағы тізім бойынша 2202 адам тіркелген», - деді.

Сондай-ақ, №187 сайлау учаскесі №13 химия факультетінің жатақханасын, экономика және бизнес факультетінің №16 жатақханасын, филология факультетінің №17 жатақханасын, заң факультетінің №18 жатақханасын және Бостандық ауданы бойынша әл-Фараби 71/13 – 222, әл-Фараби 124 – 6, әл-Фараби 126/1 – 3, Байшешек көшесі – 145, Шашкин көшесі 9,9А, 9В, 13 үйлерін қамтитындығын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өзінің азаматтық позициясын толық сезінетін әрбір тұрғын үшін үлкен маңызға ие. Дауыс беруге еркін түрде ат салысып, өз құқығын толық орындау – сайлау мәдениетін жете түсінуді көрсетеді. Осы орайда, «Болашақ – жастар қолында» деген қағидаға сүйене отырып, қазулық жастар тарапынан сайлау туралы пікір алмасып көрген едік. Студенттердің өз құқықтарын негізге ала отырып сайлауға баратындықтары бізді қатты қуантты. «Мен биылғы кезектен тыс сайлауға міндетті түрде қатысамын. Себебі, бұл тарихи маңызы зор оқиға. Мен елімнің

болашағына бей-жай қарай алмаймын. Ел тұтқасын ұстайтын тұлғаны таңдауға ат салысу мен үшін, тәуелсіз ел азаматы үшін аса маңызды. Менің бір дауысымның өзі үлкен рөл атқаруы мүмкін. Өз таңдауымды дұрыс жасау арқылы мен елімнің келешегінің жарқын болуына үлес қосамын. Елімізді көркейтіп, тыныштығын сақтап тұратын көшбасшыны таңдау барысында қателесуіме болмайды. Мен өз таңдауымды жасап қойдым және оны таңдау менің де, елімнің де болашағына оң ықпал ететініне сенемін. Өз болашағымыз үшін маңызды оқиғадан тыс қалмай, тәуелсіз елдің азаматтары ретінде дұрыс таңдау жасап, сайлауға ат салысуға шақырамын», дейді журналистика факультетінің 2-курс студенті Гүлнұр Айтқұлова. Ал биология факультетінің 2-курс студенті Назым Сембиева: «Келе жатқан сайлауға міндетті түрде қатысып, үміткерлердің үздігіне өз даусымды беруге дайындалып жүрмін. Алдағы болашақ біздікі болғандықтан, оған тамшыдай болса да өз үлесімді қосу парызым деп білемін. Жүрегі «елім» деп соққан әрбір азамат сайлауға белсенді түрде қатысады деп ойлаймын», - деген пікірін айтты.

Сонымен қатар, сайлауға қатысу маңызды екендігін жете түсініп отырған жастар өздерінің замандастарын да азаматтық құқықтарын да жете пайдалануға үндейді. Осы орайда журналистика факультетінің 2-курс студенті Айнұр Ракишева: «Сайлауға қатысып, қалаған үміткеріме дауыс беремін және барша құрбы-құрдастарымды сайлауға бір кісідей ат салысуға шақырамын», - деп атап өтті. Ал тұңғыш рет дауыс беру арқылы сайлауға қатысқалы отырған журналистика факультетінің 3-курс студенті Мәншүк Ахметова: «Ел басшысын сайлағалы отырғандықтан мен үшін дауыс беруге қатысу үлкен жауапкершілік», - деп қоғамның бір мүшесі ретінде өзінің сайлауға алғашқы рет қатысқалы отырғандығын мақтан тұтты.

Бұл пікірлер жастардың қоғам өміріне бейжай қарамайтындығынан, болашаққа деген жауапкершілікті тереңнен түсінетіндігінен көрініс береді. Ендеше сайлауға бір кісідей қатысып, өз азаматтық құқығымызды пайдалана отырып, сайлауда кездесейік демекпіз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

САУАЛНАМА

САУАЛНАМА

САУАЛНАМА

САУАЛНАМА

САЙЛАУДАН НЕ КҮТЕСІЗ?



Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Тәртіп күшейе түседі

Сайлау – еліміздегі заңдылық пен құқық тәртібін одан әрі күшейтеді. Қоғамда жүзеге асырылатын заңдылық, нормативтік құқық актілері белгіленген тәртіппен қатаң жүзеге асырылады.

Басқару жүйесінде әділеттілік, заңға құрмет, әдептілік сияқты ізгі қасиеттер одан ары дами түседі. Бұл құндылықтар адам, қоғам, мемлекет мүддесі жолында адал қызметтердің атқарылуына мұрындық болады. Мемлекеттік қызметтер туралы заңдарда белгіленген қағидалар дәлме-дәл жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қазақстанның әрбір азаматы өз елінің, өз мемлекетінің өркендеуі, гүлденуі мен атак-абыройы үшін адал, мінсіз қызмет атқарып, болашақ ұрпақтың дамуына өз үлестерін қосуы қажет. Елімізде білім беру, білікті мамандар даярлау қызметі халықаралық стандартқа сай жүргізілуі керек. Біздің мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосатын білім сапасындағы жетістіктердің барлық құндылықтарын тиісінше пайдалануымыз қажет.

Мемлекеттің, қоғамның дамуының алғы шарты – қоғамдық тәртіпті сақтау. Құқық қорғау және сот органдарының қызметін жетілдіру. Осы органдардың барлығы – әлеуметтік өркендеуге, халықтың заңға деген құрметін арттыруға қызмет етеді. Бұл талаптардың бір ізді атқарылуына сайлау өз кезегінде барынша ықпал етеді деп ойлаймын.



Жарас СЕЙІТНҮР,
психология
ғылымдарының
кандидаты,
жалпы және
этникалық психоло-
гия кафедрасының
оқытушысы

Әлеуметтік жаңғыруға сай жағдай жақсара түседі деп үміттенемін

Қазақта «Үмітсіз-шайтан» деген сөз бар. Оның үстіне психологтар оң, позитивтік ойлау – адамдық әлеуетті ашатын, табысқа жетуге өкелетін, талпынысқа бағдарлаушы механизм деп санайды. Сондықтан болашақ сайлаудан жамандық емес, жақсылық күткен абзал деп есептеймін. Еліміздегі тарихи сананың басты иегері, субъектісі қазақтар екені белгілі. Кез келген басшының тірлігі, істеген істері халықтың көз алдында өтетіндіктен олар ел есінде, жадына сөзсіз қалып қояды. Ұлт үшін істеген жұмысың ешқашан да маңызын жой-

майды әрі түбінде әділ тарихи бағасын алады.

Кез келген мемлекет үшін іргелі, анықтаушы фактор білім мен денсаулық саласының жай-күйі болып табылады. Әлеуметтік жаңғыру мақсатына сай осы салалардың жағдайы жақсара түседі деп үміттенемін. Әсіресе қазақтілді қазақтардың сапалы білім мен денсаулығын сақтауға мүмкіндігі ұлғаятынына сентім келеді. Ұлттық кадрларды, қазақтілді мамандарды даярлау мәселесі, мемлекеттік тіл мәселесі біржолата шешіледі деп күтеміз. Латын әліпбиіне көшу жайлы әңгімелер нақты

іске асар деп үміт етеміз. 2011-2014 жылдарға арналған «Тұрғын үй құрылысы» бағдарламасы орындалып, қазақтың жас отбасылары мен жас мамандары баспанаға ие болуға мүмкіндік алады деп күтеміз.

Биылғы қоян жылының ерекше тарихи жыл екендігін көзі қарақты жандардың бәрі біледі ғой деп ойлаймын. Қазақ хандығының 550 жылдығы мен тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы ешбір оқыс оқиғасыз, тыныштықта өткізсек нұр үстіне нұр болар еді.



Сайнұлла САΠΑНОВ,
тарих
ғылымдарының
докторы,
халықаралық
қатынастар және
ҚР сыртқы саясаты
кафедрасының
доценті

Сайлау – болашаққа деген сенімді арттыра түседі

Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі мақсаты азаматтық, әлеуметтік дербес тұлға қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту болып табылады. Сайлау – болашаққа деген сенімді арттыра түседі. Бұл жұмыстар жолындағы мемлекетіміздің алғышартты міндеті – саяси дамудағы ел іргесінің бүтіндігі мен бірлігі,

жастардың жоғары патриоттық белсенділігін көтеру болып табылады.

Сайлау – еліміздегі барлық азаматтардың, олардың ұлттық, діни өзгешеліктеріне қарамастан, бірлікте, татулықта өмір сүріп, тәуелсіздікті сақтауға және нығайтуға, қоғамды демократияландыруға, әділеттілікті орнатуға үлес қосуын дамытады. Ұлттық мемлекетті қалыптастыруды одан әрі нығайтып, азаматтық

қоғамды құру бағытындағы негізгі өзекті мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылады.

Қазақстанның жаңа геосаяси, геоэкономикалық жағдайда алға ілгерілеуі артады. Жаһандану кезеңінде ұлттық мемлекет ретінде ерекшеліктерін сақтай отырып, төлтумалық болмысын, әлемдік дамуда дара мемлекеттілігін қалыптастыруы, елдегі демократиялық үрдістерді тереңдету бағыттары жүзеге асады.



Ш.Е. ДЖАМАНБАЛАЕВА,
проректор по языкам и
воспитательной работе
КазНУ им. аль-Фараби

(Начало на 1 стр.)

Университеты Казахстана, в том числе и КазНУ, призваны стать важнейшим фактором и проводником социальной модернизации страны, прогрессивного преобразования ее социальной, экономической и политической среды.

КазНУ как один из ведущих университетов страны несет особую ответственность за успешность модернизационных процессов образовательной среды. По некоторым его аспектам мы смогли сработать на опережение. Укажу на целый ряд социальных преобразований, произошедших в КазНУ за последние полгода.

Во-первых, в КазНУ начата активная работа по повышению уровня гуманизации и гуманитаризации образовательного процесса. В целях решения данной задачи при ректоре

университета создан Совет по гуманитаризации, в составе которого работают 6 комиссий по важнейшим направлениям гуманизации и гуманитаризации образовательного процесса.

Во-вторых, создан институт кураторов-эдвайзеров, включающий в себя работу свыше 800 кураторов-эдвайзеров, функционирование советов кураторов-эдвайзеров и Школа кураторов-эдвайзеров. Создав институт кураторов-эдвайзеров, нам удалось обеспечить единство обучения и воспитания.

В-третьих, КазНУ взял активный курс на реализацию принципа социального партнерства. С этой целью кардинально пересмотрена роль студенчества в управлении университетом, что стало импульсом для интегрирования студентов во все сферы деятельности нашего университета.

В-четвертых, создан общественно-консультативный орган управления - Совета старейшин университета, объединивший авторитетных и уважаемых асакалов университета. Главная задача Совета старейшин - выработка предложений и рекомендаций по важнейшим приоритетным направлениям развития КазНУ.

В-пятых, мы начали целенаправленное формирование корпоративной идеологии и корпоративной культуры. Разработаны проекты важнейших документов, определяющих основные корпоративные принципы и ценности университетского сообщества - Кодекса корпоративной культуры преподавателей и сотрудников КазНУ, Кодекса чести студентов КазНУ, Положения о преподавателе и Положения о студенте КазНУ им. аль-Фараби.

В-шестых, в целях проведения

систематического мониторинга потребностей студентов и проблем учебно-воспитательной деятельности в университете создан Центр социологических исследований и социального инжиниринга.

В-седьмых, наряду с развитием студенческой инициативы и самостоятельности в университете укрепляется и развивается система социальной защиты. По инициативе нашего ректора с этого года студентам, обучающимся на платном отделении, предоставляется возможность помесечной оплаты за учебу студентам, обучающимся на «отлично», а также студентам, обучающимся на «хорошо» и «отлично» из числа социально-уязвимых категорий. По результатам зимней сессии т.г. 35 студентов данных категорий, обучающихся на платной основе, удостоены льготных скидок до 25%.

В-восьмых, широко внедряется практика развития творческой активности студентов - научно-исследовательскую, культурно-общественную, спортивную мы развиваем, прежде всего, через систему кружковой и клубной работы.

Для того, чтобы научно-образовательная сфера соответствовала мировым стандартам, КазНУ предстоит трансформироваться в исследовательский университет. Эта стратегическая цель ставит перед коллективом КазНУ целый ряд крупных задач: на новом уровне осуществить интеграцию науки и образования; обеспечить инновационную деятельность; сблизить науку с производством.

Успешное решение данных задач превратит КазНУ в субъект экономики, основанной на знаниях.

Школа кураторов-эдвайзеров как социальная инновация



А.К. МЫНБАЕВА,
зав. кафедрой общей и этнической педагогической факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби

Казахский национальный университет трансформируется в исследовательский университет. Мы будем активно развивать наши научные школы и формировать новые.

В то же время в условиях глобализации общества, постепенного роста экономики Казахстана мы вновь возвращаемся к отечественной традиции единства духовности и знаний. Наша задача - преподавателей и кураторов - построить инновационную систему воспитательной работы в университете.

Инновация заключается в объединении функций куратора и эдвайзера. Куратор поддерживает, помогает строить и траекторию обучения, и успешный жизненный и будущий профессиональный путь студентов. Для развития Института кураторства кафедра педагогики факультета философии и политологии совместно с Департаментом по воспитательной работе КазНУ при поддержке ректора университета предложила создание Школы кураторов-эдвайзеров.

Школа кураторов-эдвайзеров - это новая площадка для диалога, креативности и сотрудничества преподавателей. XXI век смещает акценты в воспитательной работе преподавателей кураторов. Мы предлагаем новый девиз воспитательной работы в вузе «Воспитание в формате партнерства, сотрудничества и творчества». Успех такой работы может быть обеспечен только через диалог и сотрудничество преподавателей и студентов, кураторов и администрации, общественных объединений и личностей.



С.Ж. САПАНОВ,
т.г.д., халықаралық қатынас және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының доценті

Жаңашылдық - даму кепілі

XX ғасырдың 90 жылдары Елбасы Н.Ә. Назарбаев егер біз ҚазҰУ-дан айырмасақ, Қазақстандағы жоғары білімнен де айырмаламыз, - деген болатын. Міне, содан бері университет, бүгінде ҚазҰУ алдында мүлде басқа міндеттер тұр. Оның ішінде университетіміздегі әлеуметтік жандандыру, оны әлемдік деңгейге көтеру, ҚазҰУ әлемдік рейтингісін жасау, ұстаз-ғалымдардың жаңа формациясын қалыптастыру мақсаттары бар. Әлеуметтік жандандыру мақсаты университеттің ең басты құндылығы ұстаздардың кәсіби мамандығын арттыру мен оны түбірлі деңгейде қайта қарау деп түсіну керек. Біздің университеттің

ұстаздар қауымы бұны толық сезінеді және түсінеді деп сенемін. Жаңа мақсаттар жаңа талаптар қояды. Бүгінде ҚазҰУ-дың ұстаз, ғалымы деген атаққа ие болу үшін оған қойылатын талаптарға толық сай болу керек. Олар өзін-өзі жетілдіру, білімін ұштау, әрқашанда өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру, ғылымдағы орнын сезіну, үлкен азамат болу тағы басқалар. Біз университетіміздегі әлеуметтік жандандыруды өзіміз сезініп қана қоймай, оның жақын арада табыстары мен пайдасын көретін боламыз.

Әлеуметтік жандандыру саясатының аясында университетте биылдан бастап, әсіресе гуманитарлық білім саласы-

на көп көңіл бөлінуде. Осыған байланысты гуманитарлық кеңес құрылып, оның рөлі жоғары сапалы болып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің дамуында жаңа кезеңді басынан кешіруде. Бұл үрдісті ҚазҰУ-дағы әлеуметтік ғалымдардың даму эволюциясындағы жаңа кезең деп атауға болады. XXI ғасырдағы ҚазҰУ-дың жаңа келбетін бірге қалыптастырайық. Университеттегі жаңа әлеуметтік жандандыру саясатына жан-жақты қолдау көрсете отырып, біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ қана табысқа жете аламыз.

Студент Зерттеу университетін құру жолында бастамашыл күшке айналуы керек



Г.С. СУЛПАНБАЕВА,
с.ғ.д., теле-радио журналистика кафедрасының меңгерушісі

Біз, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әрбір студенттен бастап, ғалым-ұстазы, қызметкері, басшыларына дейін Қазақстандағы бірден-бір Зерттеу университеті мәртебесіне лайықты білім мен ғылым ордасы - ҚазҰУ екендігін өз ісімізбен, жігерімізбен, ақыл-санамызбен түсіне, түйсіне бастадық. Мақсат - айқын, міндет - біреу.

Біз зерттеу университетін құру мақсатында, әлемнің рейтингісі жоғары университеттері қатарына қосылу міндеттерін орындауда ең маңызды шешімдер қабылдап отырмыз. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы ерекше үміт артқан, қолдау көрсеткен Зерт-

теу университеті атағын алу - біз үшін ең үлкен сенім. Бұл - біздің біліктілігімізге сын. Бұл - біздің бірлігімізге сын.

Елбасы Жолдауында ерекше атап өткен «әлеуметтік кепілдік» қоғамның рухани түлеуімен, мәдени дамуымен қатысты шаралардың бастауы, өзегі болды. Оның ең басты көрінісі - еліміздегі адам факторы, оның әлеуетін арттыру. Міне, әлеуметтік кепілдікке апаратын әлеуметтік жаңғырту - ағарту, білім беру, зерттеуден бастау алуы тектен-тек емес. Қоғамға кемел адам, білімді адам даярлайтын орта - университет. Сол үшін де университеттегі әрбір жастың білімге зер салып, ғылымға ден қойып, іргелі зерт-

теулер жүргізу мен өндірістік жобаларды әзірлейтін «кәсіби маман» - «кемел адам» болуы әлеуметтік жаңғыртуға апаратын баспалдақ.

Зерттеу университеті, шын мәнінде, мемлекеттік ақыл-ой ошағына, инновациялық өндіріс кеніне айналуы үшін де жастардың серпінді қуаты мен жаңашыл идеялары керек. Бүгін университет қабырғасында білім алып жүрген, ғылым әлеміне жол ашатын әрбір студент Елбасы Н.Ә. Назарбаев қолдап, үлкен үміт артып отырған Зерттеу университетін құру жолындағы өзгерістердің бастамашыл күшіне айналуы керек.

Жастардың қуатын - Қазақстанның өркендеуіне

2011 жыл - ел дамуындағы ең белесті жыл, Тәуелсіз Қазақстан Туының желбірегеніне 20 жыл. Бұл мерейтойдың әр жылы ғасырға бергісіз тарихи кезеңдер. Себебі осы 20 жылдың әр жылында, әр күнінде еліміз үшін, оның болашағы үшін аса маңызды қаншама шешімдер қабылданып, қаншама айтулы оқиғалар орын алды. Біз қол жеткізген табыстарымыз бен жетістіктерімізді шын жүректен мақтан тұтамыз.

Біз, жастар - қазақстандықтардың азаттық рухында тәрбиеленген, болашағына нық сеніммен қарайтын жаңа буынын құраймыз.

Бүгінде тәуелсіз елімізбен бірге халқымыздың сан ғасырлар бойы армандаған арманының жүзеге асқанының куәсі болып отырмыз. Елбасы, шын мәнінде, осы қазақ арманының шындыққа айналуының кепілі. Бүгінде әлемнің озық елдерінің үлгілеріне, тәжірибелеріне сүйене отырып өзіндік жолын таба білген Қазақстан қоғамының қарыштап дамуының басты ерекшелігі де осында.

Қазіргі таңда университетіміздің жастар ұйымдары ректордың бастамасымен өзін-өзі басқару ұйымдарының әлеуметтік әріптестігі бағдарламасын жасауда. Бұл жоба бойынша университет әкімшілігі мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының арасындағы байланыстар күшейіп, жаңа сатыға көтеріледі деп сенеміз.



Н.Б. БЕКТИРНОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі



Қ. ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,
“Сұңқар” студенттік нәсіподағы төрайымының орынбасары,
философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті

Өз болашағымыз - өз қолымызда

Бүгінде отандық білім ордаларының көшбасшысы ҚазҰУ өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Дәстүрлі университеттен ғылыми зерттеу университетіне өту өз кезегінде студенттерге де үлкен жауапкершілік жүктейді.

ҚазҰУ жастары университетіміздің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының атынан бірнеше тың жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. “Сен өз еліңе керексің!” жобасы аясында Студенттік құрылыс жасақтары, “Жасыл ел” жастар жасақтары, “Green кампус” экологиялық қозғалысы, “Көмек” еріктілер қозғалысының жұмыстары жүзеге аспақ. Сонымен қатар “Студенттік өзін-өзі басқару

ұйымының көшбасшысы”, “ҚазҰУ - біздің ортақ үйіміз!” сияқты жобалар ҚазҰУ қалашығының тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның мәдени өмірінің мәнін одан әрі қызықты әрі мазмұнды ете түсуге арналған.

Ел президентінің Қазақстан халқына арнаған биылғы жолдауында әлеуметтік жаңару мәселелері көтерілді. Осыған орай ҚазҰУ ұжымы алдында келелі міндеттер тұр. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дейді халық даналығы. Бұл міндеттерді ҚазҰУ ұжымы мен бірлесе отырып атқаруға ҚазҰУ студенттері толық дайын. Мақсаты бірдің - рухы бір, рухы бірдің - мақсаты бір! ҚазҰУ жастары - өз болашағымызды өз қолымызбен құрамыз!



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. КОРПОРАТИВТІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
3. УНИВЕРСИТЕТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАСЫ
4. КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТ КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Кодекс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің негізгі ұжымдық мәдениеті мен этикалық мінез-құлық ережелерін анықтайды.

1.2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің этика кодексі оқу мен жұмысқа қолайлы жағдай жасауға, бірі-бірімен, студенттер мен басқа жоғары оқу орындарындағы әріптестермен оңтайлы қарым-қатынас орнатуға арналған.

1.3. Университет қауымдастығының корпоративті мәдениетінің нығаюы, ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлері абыройының асқақтауы осы Кодекс нормаларын орындаудағы басты мақсат болып табылады.

1.4. ҚазҰУ-дың әрбір оқытушысы мен қызметкері аталмыш Кодекс нормаларын орындай отырып, университет имиджінің нығаюы мен мәртебесі артуына өз үлесін қосады.

2. ҚАЗҰУ-дың КОРПОРАТИВТІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

2.1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметі келесідей қағидаларға негізделеді:

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – сапалы білімнің, ғылымының, мәдениеттің, инновацияның, жаңа технологиялық жетістіктерді пайдаланатын жетекші орталық;

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздің жарқын болашағын жасауға атсалысатын инновациялық, қуатты білім мен ғылым ордасы;

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – өз қызметкерлерін бағалап әрі құрметтейді;

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жемқорлық пен парақорлықтан ада;

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ академиялық озық дәстүрлерді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтап әрі дамыта отырып, инновациялық өркендеуге ұмтылады;

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың рухы – ажырымас бірлігінде. Университетіміздің оқытушылары, түлектері мен студенттерінің шығармашылығы, ынтымақтастығы мен серіктестігі корпоративті мәдениеттің басты байлығы.

2.2. Университеттің басты корпоративті құндылықтары:

- Білім беру қызметінің жоғары сапасы
- Әлемдік білім беру кеңістігіне шоғырлану

- Өзгерістер мен инновацияларды қабылдау;

- Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге басым бағыт;

- Жоғары академиялық жауапкершілік;

- Кемелдену және шығармашылық даму;

- Өнегелілік, отансүйгіштік, азаматтық;

- Қызметкерлер мен білім алушыларды құрметтеу, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- Университеттің қызметіне адалдық және оның биік талаптарына лайықты болу;

3. УНИВЕРСИТЕТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАСЫ

3.1. ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлері:

3.1.1. Университет мәртебесін құрметтеу, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы және қызметкері атағына ар-намысымен, еңбегімен лайық болуға;

3.1.2. Университеттің міндеттерін, кәсіби қызметін атқарғанда дербес мүддесімен корпоративті міндетін үйлестіруге;

3.1.3. қызмет бабында мәдениетті, жауапты, әділ, кішіпейіл болуға;

3.1.4. Университеттің мақсаты мен міндеттерін орындауда жауапкершілігін сезінуге, университет табыстарына өз үлесін қосуға;

3.1.5. кәсіби білікті маман ретінде білімін жетілдіруге, озық нәтижелерге жету мақсатында отандық және шетелдік тәжірибелерді білуге, қолдануға;

3.1.6. әріптестермен және студенттермен өзара сыйлы, сыпайы, ізгі қарым-қатынас орнатуға;

3.1.7. Университеттің озық дәстүрлері мен тарихын білуге, құрметтеуге, сондай-ақ ұстаздық еңбегімен студенттерге үлгі болуға;

3.1.8. Университеттің іскери абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір қызметтен бас тартуға, оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кезкелген әрекетті болдырмауға міндетті.

3.2. ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлері:

3.2.1. әріптестерінің, студенттердің ар-намысына нұқсан келтірмеуі;

3.2.2. студенттердің алдында әріптестерінің жеке өмірін немесе олардың кемшіліктерін сынамауы;

3.2.3. университет аумағында ішімдік ішпеуі, темекі тартпауы;

3.2.4. студенттерден оқу мен ғылым үдерісінің нәтижелеріне көмектесу мақсатында сыйлық пен ақпалай сыйақылар алмауы;

3.2.5. діни көзқарастарды, сондай-ақ ұлттаралық бірлік пен дінаралық келісімге қарама-қайшы пікірлерді таратпауы;

3.2.6. жұмысқа және сабаққа кешікпеуі, қызмет уақытын қысқартпауы;

3.2.7. қызмет барысында деректілік, ыждаһатсыздық танытпауы;

3.2.8. қызмет бабын пайдаланып, студенттерге қысым жасамауы, олардың білімін бағалауда субъективті көзқарас танытпауы;

3.2.9. университет әкімшілігінің шешімі мен оның қызметі жайлы жалған ақпаратты таратпауы тиіс.

3.3. Басшылар мен бағынушылар арасындағы қарым-қатынас

3.3.1. Басшы:

- кәсіби және адамгершілік мінез-құлқымен қарамағындағыларға үлгі болуы;

- іскери қарым-қатынас этикасы ережелеріне негізделген нормалар мен қағидаларға бой түзеуі;

- қарамағындағылардың ар-намысына, ожданына нұқсан келтірмеуі;

- қарамағындағылардың алдында өз қатесін мойындауы, оны өз атына айтылатын сын ретінде қабылдамауы;

- ұжымға тиімді орта қалыптастыруы тиіс.

3.3.2. Бағынушылар:

- әріптестерінің жеке өміріне, кәсібіне қатысты қауесет таратпауы;

- мансабы артуына қатысты проблеманы әріптестерімен емес, басшысымен талқылауы;

- егер жұмысқа шығу мүмкін болмаса (белгілі уақыт ішінде жұмысқа келу мүмкін болмаса), оның себебін басшыға хабарлауы;

- әріптестердің алдында басшының орынсыз қылығына жауап бермеуі; қажетінше онымен әңгімелесуі;

- Университет басшысыларын танып, оларды аты, әкесінің атымен атауы;

- дәлізде немесе оқу ғимаратында басшымен кездескенде бірінші болып амандасуы;

- ғимаратқа кіргенде кездескендермен бірінші амандасуы тиіс.

3.3.3. Әріптестермен қарым-қатынас

- бірін-бірі сыйлауы;

- ағаттық танытқаны үшін міндетті түрде кешірім өтінуі;

- басқа қызметкерлердің алдында әріптестерінің, бағынушыларының, басшыларының сынына сабырлы болуы;

- қауесетке сенімсіздікпен қарап, оның таралуына жол бермеуі;

- әріптестеріне, басшыларына және бағынушыларына «Сіз» деп, оларды есімі, әкесінің атымен атауы;

- жұмыс уақытында қызметтен тыс міндеттерді атқармауы;

- балағаттамауы, ұстамсыздық танытпауы, өшпестеуі;

- әріптестерімен білімі, тәжірибесімен бөлісуі керек.

3.3.4. Оқу үдерісі, зерттеу және

сараптамалық қызмет аясындағы қарым-қатынас

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері университеттегі жұмысын негізгі кәсіби міндеті ретінде санап, студенттерге үлгі болуы;

- дәріс беретін пән саласын жан-жақты білуі әрі құзіретті болуы;

- біліктілігі жоғары педагог болуы;

- білім алушылардың білімін, біліктілігі мен тәжірибелік дағдысын әділ және объективті бағалауы;

- Әлеуетін, білімін, тәжірибесін Университеттің ғылыми табыстарының кемелденуіне арнауы;

- жарияланбаған дереккөздерді игілігіне пайдаланбауы, плагиатқа бармауы;

- сараптау, пікір беру және ғылыми жетекшілік барысында жарияланбаған ақпараттың құпиялылығын сақтауы қажет.

3.3.5. Жиналыстар мен мәжілістер өткізу

- жиналысқа уақытында келу;

- күн тәртібімен алдын-ала танысу, қажет материалдарды, сұрақтарды, кепілдемелерді ала келу;

- жиналыс немесе мәжіліс басталар алдында ұялы телефонды сөндіруі;

- сыртқа шығу қажет болғанда немесе қайта кіргенде әдеппен кенірім сұрау;

- жиналысты жеке мүддесі үшін пайдаланбау;

- баяндама уақытын ескеру.

4. КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Университет қызметкерлері мен білім алушылары Корпоративті мәдениет кодексінің білуі міндетті, қызметі мен міндеті үшін университет қауымдастығы аясында жауапты.

4.2. Корпоративті мәдениет Университетте жұмыс істейтін қызметкерлер мен білім алатын студенттердің бәріне бірдей, тең дәрежеде ортақ іс.

4.3. Университеттің әрбір қызметкері осы Кодекстің орындалуы үшін моральдық жауапты.

4.4. Кодекс ережелерінің бұзылуы Университет қызметкері мен студентінің мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.

4.5. Корпоративті мәдениет кодексінің орындалуын бақылау университет факультеттеріндегі Этика жөніндегі комиссия жетекшілеріне жүктеледі;

4.6. ҚазҰУ-дың Корпоративті мәдениет кодексі нормаларын бұзғаны үшін білім алушылар мен қызметкерлерге келесідей шаралар қолданылуы мүмкін:

- бұқара алдында кешірім сұрауға кеңілдеме;

- факультеттің немесе университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде талқылау;

- тәртіпті болуға ықпал ету.

Осы Кодекске өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныстар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми Кеңесінде қарастырылады.





КОДЕКС КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И СОТРУДНИКА КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

СОДЕРЖАНИЕ:

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
2. КОРПОРАТИВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И ЦЕННОСТИ
3. КОРПОРАТИВНАЯ ЭТИКА УНИВЕРСИТЕТСКОГО СООБЩЕСТВА
4. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ НОРМ КОДЕКСА КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Настоящий кодекс определяет основные правила корпоративной культуры и поведения преподавателей и сотрудников КазНУ им. аль-Фараби.

1.2 Кодекс корпоративной культуры преподавателя и сотрудника КазНУ им. аль-Фараби направлен на создание благоприятного морально-психологического климата в университете.

1.3 Главная цель реализации всех норм настоящего Кодекса – укрепление корпоративной культуры университетского сообщества, повышение авторитета преподавателей и сотрудников КазНУ.

1.4 Каждый преподаватель и сотрудник КазНУ, неукоснительно соблюдая нормы данного Кодекса, вносит свой вклад в укрепление его имиджа и деловой репутации.

2. КОРПОРАТИВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И ЦЕННОСТИ

Деятельность Казахского национального университета им. аль-Фараби основывается на следующих принципах:

1. КазНУ им. аль-Фараби – ведущий центр качественных знаний, науки, культуры и инноваций, использует новейшие технологические достижения.
2. КазНУ им. аль-Фараби – устремленный в будущее университет, эффективно реализует концепцию исследовательского университета.
3. КазНУ им. аль-Фараби – ценит и уважает своих сотрудников и всегда действует в соответствии с самыми высокими этическими стандартами.
4. КазНУ им. аль-Фараби нетерпим к любым проявлениям коррупции и взяточничества.
5. КазНУ им. аль-Фараби провозглашает академическую свободу и ответственность, сохраняет и развивает университетские традиции, национальные и общечеловеческие ценности.
6. Дух КазНУ им. аль-Фараби – в единстве. Креативность, сопричастность и партнерство преподавателей,

сотрудников, студентов и выпускников университета – неотъемлемые черты корпоративной культуры.

2.2. Главные корпоративные ценности

- 2.2.1 Конкурентоспособность предоставляемых образовательных услуг.
- 2.2.2 Интеграция в мировое образовательное пространство.
- 2.2.3 Открытость к переменам и инновациям.
- 2.2.4 Постоянная ориентация на научные исследования и разработки.
- 2.2.5 Высокая академическая ответственность.
